


«Бекітемін»

Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектеп директоры

 Г.Н.Сүлейменов

«31» тамыз 2023 жыл



«Дайындаған»

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары


 М.А.Аманкулова

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған жоспарының нұсқаулығы 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес нысан бойынша

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы
19 қыркүйек 2023 жылғы №294 бұйрыққа сәйкес жасалды.



 Г.Н.Сүлейменов

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған жоспарының нұсқаулығы**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шанырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жананы тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орната білу; -

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы №23-32-4.3 хаттамасының 3-тармағынн орындау мақсатында БҰЙЫРАМЫН: 1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар;
- 3) осы бұйрыққа 3- қосымша сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар бекітілсін.

Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруға бағытталған жылдық жоспары

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл

ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМ» АЙЫ

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1	“Мектебім- мейірім мекені” білім күні	Анықтама	ДТІЖО: М.А.Аманкулова Д.К.Айдарова	Қыркүйек 2023жыл
2	А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» апталығын өткізу “Тілім-менің тірегім”	Анықтама Іс-шаралар	Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі Г.Даулетова	Қыркүйек 2023 жыл
3	“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында «Кел, балалар, оқылық!» атты акция ұйымдастыру	Анықтама Акция	Кітапхана меңгерушісі: Сапарбаева А Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2023 жыл
4	«Дені сау ұрпақ – еліміздің болашағы» тақырыбында оқушылар арасында	Анықтама Спорттық	Дене шынықтыру пәнінің бірлестігі: М.Елубаев.	Тоқсан сайын

	баскетбол, волейбол, асық ату, бес асық ойындарын өткізу	ойындар		
5	Білім беру ұйымдарында «Ата-аналар Академиясын» құру	Жоспар	ДТІЖО	2023 жыл Қыркүйек
6	«Тәрбие-отбасынан басталады»	Кездесу	“Әкелер,аналар” мектебінің жетекшісі: Л.Нурбек. Г.Ахметова	2023 жыл Қыркүйек
7	“Оқулықтар шеруі”	Анықтама Акция	Кітапхана меңгерушісі:	Жыл бойына 2023 жыл
8	1-10 сынып оқушылары арасында «Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге аясында «Адал азамат - әділетті Қазақстан»	Анықтама Сыныптан тыс іс-шаралар	Тарих пән бірлестігі: Б.Сүндет Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі: Г.Даулетова Сынып жетекшілер	Қыркүйек 2023 жыл

ҚАЗАН – «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл ➤ Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай "Қарияға қол ұшын соз" кездесу	Анықтама Іс-шаралар	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог Өзін-өзі басқару	Қазан 2023 жыл
2	"Жеткіншектің Жеті Жарғысы" жобасын іске асыру мақсатында 1-11 сыныптар арасында "Біздің қоғамдағы әділеттілік" тақырыптарында сынып сағаттары.	Анықтама Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Қазан, 2023 жыл
3	Үйде білім алатын балалардың бос	Анықтама	Сынып жетекшілер	Қазан

	уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Сіздің үйге шексіз мейіріммен» тақырыбында сырттай фотобайқауын ұйымдастыру	Фотобайқау	Әлеуметтік педагог Мектеп психологы	2023 жыл
4	Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазға алғыс» атты тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Анықтама Тәрбие сағаттары	Сынып жеткшілер Тәлімгер Өзін-өзі басқару	Қазан 2023 жыл
5	25 қазан - Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан-туған жерім, туған елім" бірыңғай сынып сағаттары	Анықтама Іс-шаралар	Сынып жетекшілер Өзін-өзі басқару	Қазан 2023 жыл
6	25 қазан - Республика күні мерекесіне орай "Туған елім Қазақстаныма арнаймын" атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру	Анықтама Мерекелік іс-шара	Тәлімгер Педагог-ұйымдастырушы Өзін-өзі басқару Сынып жетекшілер	Қазан 2023 жыл
7	Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Сәкен Сейфулин туғанына 130 жыл	Анықтама Сынып сағаттары 8-11 сыныптар	Сынып жетекшілер	Қазан 2023 жыл

ҚАРАША – «ПОЭЗИЯ» АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	Білім алушылардың тереңірек білуіне бағытталған іс-шараны жүзеге асыру мақсатында 1-11 сыныптар арасында Алаш	Анықтама Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшілер	Қараша 2023 жыл
---	---	-------------------------------------	------------------	--------------------

	жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл			
2	Білім беру ұйымдарында білім алушыларға рухани-адамгершілік құндылықтарын дарытып, бір-біріне және қоғамға деген мейірімділік құндылығына үйрету мақсатында «Балаға мейірім сыйла!» атты акция өткізу	Анықтама Акция	Әлеуметтік педагог	Қараша 2023 жыл
3	Дарынды балаларды анықтау, қолдау көрсету, ой-өрісін кеңейту мақсатында «Ұшқыр ой алаңы» атты дебат турнирін ұйымдастыру	Анықтама Дебат	Жауапты:З.Абуова	Қараша 2023 жыл
4	«Ата мен әже-қазақы тәрбиенің бастау бұлағы»ұлттық құндылықты дәріптеу	Анықтама Кездесу	Сынып жетекшілер Сүндет Г. Сағидолла М	Қараша 2023 жыл
5	Жасөспірімдердің кибербуллинг пен буллинг және киберқылмыстың алдын алу мақсатында «Кибербуллингтің зардаптары» апталық .	Анықтама Апталық	Сынып жетекшілер ДТІЖО: М.А.Аманкулова М Д.К.Айдарова Психолог	Қараша, 2023 жыл
6	«Дені сау ұрпақ – еліміздің болашағы» тақырыбында оқушылар арасында баскетбол, волейбол, асық ату, бес асық ойындарын өткізу	Анықтама Іс-шара	Дене шынықтыру пәнінің бірлестігі:М.Елубаев	Қараша, 2023 жыл

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1-11 сынып оқушылары арасында «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік» сынып сағаты.	Анықтама Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2023 жыл
Қазақстан «Ұлы дала елі» Қожаберген Толыбайұлы жыршы, батыр.Ақтабан Шұбырынды ғұламасы 300 жыл	Анықтама 9 сыныптар Кездесу	ДТІЖО Тарих пән бірлестігі:Б.Сүндет Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі:Г.Даулетова Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2023 жыл
7-8 сынып оқушылары арасында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына орай «Реалист ақын» атты поэзия кеші	Поэзия кеші	Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі:Г.Даулетова Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2023 жыл
ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Ұлттық рух – мәңгілік ел болудың өзегі» сынып сағаттары	Анықтама Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Желтоқсан 2023 жыл
Оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында 1-11 сыныптар арасында "Бір отбасы-бір кітап", "Жақұты барға жасын түспейді" тақырыбында әдеби кеш өткізу	Анықтама Әдеби кеш	Кітапхана меңгерушісі А.Сапарбаева	Желтоқсан 2023 жыл
«Еңбек жемісі» атты ата-аналардың жұмысына саяхат апталығын ұйымдастыру	Анықтама Видеоролик	Сынып жетекшілер Педагог-ұйымдастырушы	Желтоқсан 2023 жыл

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

➤ Қысқы демалыс

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	Аталар, әжелер мектебі жобасы аясында «Атадан балаға мұра»	Анықтама Конференция 7-8-9 сыныптар	Сынып жетекшілер	Қаңтар 2024 жыл
2	«Күделікті өмірдегі адалдық»,	Анықтама Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Қаңтар 2024 жыл
3	1-8 сынып оқушылары арасында әдеп нормаларын ұстану, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту мақсатында «Әдептілік -ізеттілік» атты дискуссия.	Анықтама Қайырымдылы қ акциясы	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог	Қаңтар 2024 жыл
4	«9 айға тоғыз шара», «4 тоқсан төрт шара» жобаларын жүзеге асыру мақсатында дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде іс-шара өткізу.«Ұлттық мұраны қазақ тілін ұлықтау» Танымал тұлғалармен кездесу	Анықтама Іс-шара	Сынып жетекшілер Педагог-ұйымдастырушы	Қаңтар 2024 жыл

АҚПАҢ – « ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	1-11 сынып оқушыларына «Ар-ұят»,	Анықтама	Сынып жетекшілер	Ақпан
---	----------------------------------	----------	------------------	-------

	сынып сағатын өткізу	Сынып сағаты		2024 жыл
2	«Мұқағали Мақатаев» кешін өткізу	Анықтама Байқау	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Музыка пән мұғалімі Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі:Г.Даулетова Сынып жетекшілер	Ақпан 2024 жыл
3	Оқырмандар конференциясын ұйымдастыру	Анықтама Іс-шара	Мектеп ұжымы Кітапхана меңгерушісі	Ақпан 2024 жыл
4	Білім беру ұйымдарында «Ақпан айы - жалпы білім беру ұйымдарында психологиялық кеңес беру айлығы» тақырыбында психологиялық кеңес беру айлығы және «Құқықтық тәрбие - құқық бұзушылықтың алдын алу» айлығын өткізу	Анықтама Іс-шаралар	ДТІЖО Психологтар	Ақпан 2024 жыл

НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында «Қазақтың салт дәстүрлері» құндылықтар іс шарасын іске асыру	Анықтама Жоба	ДТІЖО	Жыл бойы
2	22 наурыз мерекесіне орай «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» атты ұлттық ойындар, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдер, домбырашылар шеруі, сынып сағаттары	Анықтама Іс-шаралар	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Музыка пән мұғалімі Сынып жетекшілер	Наурыз 2024 жыл
3	Дөңгелек үстел «Сырласайық жеңеше!» жеңгелер клубы жұмысы. Аналарға арналған мерекелік бағдарлама.	Анықтама Іс-шаралар	8 сынып жетекшілері, оқушылары, Педагог-ұйымдастырушы	Наурыз 2024 жыл

СӘУІР– «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	«Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының заманауи рөлі» тақырыбында оқырмандар конференциясын өткізу	Анықтама Конференция	Кітапхана меңгерушісі ДТІЖО	Сәуір 2024 жыл
2	«Жас ғалымдар » дарынды оқушылармен жұмыс	Анықтама Байқау	ДТІЖО Педагог-ұйымдастырушы Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі: Г. Даулетова Сынып жетекшілер	Сәуір 2024 жыл

3	1-8 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтануды тиімді ұйымдастыру мақсатында «Дұрыс тамақтана білесің бе?» атты сынып сағаттарын, «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» атты пікір - сайыстар өткізу	Анықтама Пікір -сайыс	ДТЖО Педагог-ұйымдастырушы Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі:Г.Даулетова Сынып жетекшілер	Сәуір 2024 жыл
4	Салауатты өмір салтын насихатату мақсатында «Дені саудың –тәні сау» тақырыбында флешмоб ұйымдастыру	Анықтама Флешмоб	Дене шынықтыру пән бәрлестігі	Сәуір 2024 жыл
5	7-9 сынып оқушылар арасында Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына орай «Даналық хикметтері» атты оқырмандар конференциясын ұйымдастыру	Анықтама Оқырмандар конференция- сы	Кітапхана меңгерушісі Сынып жетекшілер	Сәуір 2024 жыл
6	Этикалық құндылықтарды дамыту сынып сағаттары 1-11 сынып	Анықтама Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Сәуір 2024 жыл
7	«Дені сау ұрпақ – еліміздің болашағы» тақырыбында оқушылар арасында баскетбол, волейбол, асық ату, бес асық ойындарын өткізу	Анықтама Іс-шара	Дене шынықтыру пән бірлестігі	Сәуір 2024 жыл

МАМЫР – «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ» АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру бағытында әскери-патриоттық бағдарда «Кітапқа жазылмаған тарих» атты ерлік сабақтарын өткізу	Анықтама Сыныптан тыс іс-шаралар	АӘД жетекшісі	Мамыр 2024 жыл
2	Халықаралық отбасы күніне орай ата-аналарға арналған "Ата-ана отбасының дінгегі " тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастыру	Анықтама Дөңгелек үстел	Педагог-ұйымдастырушы Сынып жетекшілер	Мамыр 2024 жыл
3	«Татулық мекені» игі істер акциясы	Анықтама Іс-шаралар	1-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері	Мамыр 2024 жыл
4	«Ынтымағы жарасқан» сынып сағаты	Анықтама 1-11 сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Мамыр 2024 жыл
5	«Ұлы Жеңіс-жаңғырығы» акпараттық сағат	Анықтама Іс-шара	Педагог ұйымдастырушы Кітапхана меңгерушісі 9 сыныптар	Мамыр 2024 жыл

6	«Ел ертеңі-бүгінгі жас ұландар»	Анықтама Пікір талас	Дебат клубының мүшелері	Мамыр 2024 жыл
7	5-8 сынып оқушылары арасында Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай «Шәкәрім әлемі» атты ой толғау сағатын өткізу	Анықтама Ой толғау сағаты	Тіл бірлестігі	Мамыр 2024 жыл
8	«Бір тал кессең, он тал ек»	Анықтама Іс-шара	Сынып жетекшілері, 11 сынып түлектері	Мамыр 2024 жыл
9	Атқарылған тәрбие жұмысының жылдық есебі	Есеп	ДТІЖО	Мамыр 2024 жыл

ДТІЖО:



М.А.Аманкулова
Д.К.Айдарова